



ҚОҒАМ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ОРАЙ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызнама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көкемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.



Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін!

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

ЖЫРДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАҒАН КЕШ

КЕНДІРЛІ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ДОМБЫРАСЫ ҚАЙТА КҮМБІРЛЕДІ. КӨМЕЙДЕН ТӨГІЛГЕН ҚАСИЕТТІ ЖЫР МЕН ҒАСЫРЛАРДАН ЖЕТКЕН АСЫЛ СӨЗ БІР СӘТКЕ УАҚЫТТЫҢ ШЕКАРАСЫН ЖОЙЫП, КӨРЕРМЕНДІ ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ ТЕРЕҢІНЕ ЖЕТЕЛЕГЕНДЕЙ БОЛДЫ. БҰЛ — ЖАЙ ҒАНА МӘДЕНИ ШАРА ЕМЕС, ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ МӘҢГІЛІК МҰРАСЫН ҰЛЫҚТАҒАН, ЖЫРАУЛЫҚ ӨНЕРДІҢ ӨМІРШЕНДІГІН ӘЙГІЛЕГЕН ТАҒЫЛЫМДЫ БАСҚОСУ ЕДІ.



Ұлттық домбыра күніне орай Кендірлі ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен Қазақстанның халық ақыны, Маңғыстау жыраулық мектебінің көрнекті өкілі Сәттігүл Жаңғабылұлының ту-ғанына 150 жыл толуына арналған «Жыр жұлдызы – Сәттігүл» атты республикалық жыр керуені жоғары деңгейде өтті. Қазақтың төл өнерін төрге оздырған бұл рухани кешке еліміздің түкпір-түкпірінен келген жыршы-жыраулар, өнер зерттеушілері, зиялы қауым өкілдері, мәдениет саласының қызметкерлері мен қала тұрғындары қатысып, ұлттық өнердің ұлылығына тағы бір мәрте куә болды.

Кеш басталар алдында-ақ алаңға жиналған жұрттың жүзінен ерекше толқыныс байқалды. Самал желмен тербелген кеңістікті алғаш болып домбыраның қоңыр үні тербегенде, көрермен үнсіз сахнаға көз тікті. Сол үнмен бірге қазақтың сан ғасырлық тарихы, елдік шежіресі мен бабалардың аманаты қайта жаңғырғандай әсер қалдырды.

Шараның кіріспесі туған жерге арналған көркем сөзбен ашылып, жас өнерпаздардың орындауындағы патриоттық әндер рухты көтерді. Артынша шырқалған «Дала таңы» әні мен ұлттық нақыштағы «Домбыра» биі кештің сәнін кіргізіп, жыраулық дәстүрдің көркем болмысын айшықтай түсті.

Сахна төріне көтерілген сәруар жырдың иесі С.Жаңғабыловтың рухани мұрасын жинақтаушы, республика көлемінде ақынның 150 жылдық мерейтойын ұйымдастырушылардың бірі Бердіхан Әлмен жаңаөзендіктерге, әсіресе, Кендірлі ауылдық мәдениет үйі ұжымына алғыс айтудан бастады.

Рухани кештің шымылдығын қаламыздың Құрметті азаматы, Сәттігүл Жаңғабылұлының жырларын 1958 жылы хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізген журналист Асылбек Айдаров пен Маңғыстау ауданы Тұшпықұдық ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Лес Айтанов ашты. Олар Сәттігүл мұрасының тарихи құндылығы

Соңы 2-бетте. ➡

ӨНІР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Өңірдегі негізгі жобалардың іске асырылуы қаралды

30 МАУСЫМДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙДЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН АППАРАТТЫҚ ЖИНАЛЫС ӨТТІ. ЖИЫНДА ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ, НЕГІЗГІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ.



Жиында Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Ақтау қаласында 200 орындық заманауи көпбейінді аурухана салу жобасының іске асырылу барысына ерекше назар аударылды. Бүгінде жоба бойынша жол картасы бекітіліп, қажетті құжаттар пакеті әзірленген. Қазіргі уақытта орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін жетілдіру және медициналық қызметтердің ұзақ мерзімді қаржыландырылуын қамтамасыз ету мәселелері пысықталуда. Бұл алдағы кезеңде жобаны практикалық тұрғыда іске асыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Ақтау қаласында жаңа автовокзал мен коммуналдық базар салу жобасының орындалу барысы қаралды. Жоба екі кезең бойынша жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда автовокзал құрылысының дайындық деңгейі 80 пайызға жетсе, коммуналдық базар құрылысы бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Жобаны толық аяқтау 2027 жылдың соңына жоспарланған.

Күн тәртібінде өңірдегі фитосанитариялық ахуал да қаралды. Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметінше, биыл саяқ шегірткелерге қарсы 11,1 мың гектар ауыл шаруашылығы алқабында химиялық өңдеу жұмыстары толық аяқталды. Өңдеу фитосанитариялық мониторинг нәтижелері негізінде Бейнеу және Маңғыстау аудандарында жүргізілді. Уақтылы қабылданған шаралардың арқасында зиянкестердің таралуына жол берілмей, облыстағы фитосанитариялық жағдай тұрақты деңгейде сақталуда.

Өңірдегі фитосанитариялық ахуал туралы Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Маңғыстау облыстық аумақтық инспекциясының өкілдері де баяндады. Олардың айтуынша, аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік нысандарға мониторинг бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі



түрде жүргізілуде. Сонымен қатар барлық қажетті алдын алу шаралары толық көлемде жүзеге асырылып жатыр.

Жиынды қорытындылаған Нұрдәулет Қилыбай Президент тапсырмаларын сапалы әрі уақтылы орындау, стратегиялық маңызы бар жобаларды тиімді жүзеге асыру және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету өңірдің тұрақты дамуының басты міндеттері екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысының әрбір тапсырмасы сапалы, белгіленген мерзімде және нақты нәтижемен орындалуға тиіс. Барлық стратегиялық жобалардың іске асырылуына тұрақты бақылау қамтамасыз етіліп, фитосанитариялық мониторинг жүйелі түрде жалғасуы қажет. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы алқаптарын қорғау бағытындағы профилактикалық жұмыстарды күшейту маңызды. Бұл жұмыстардың тиімділігі Маңғыстау облысының тұрақты дамуы мен тұрғындардың өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді, – деп тапсырды облыс әкімі.

Жаңаөзен-Ақпарат.

БҮГІНГІ САНДА

АРДАГЕР ЖУРНАЛИСТЕРГЕ
ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



4-бет.

ЖАҢАӨЗЕННІҢ
АЛТЫН ДАУЫСЫ



5-бет.

ТАНЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ



7-бет.

ПРОБАЦИЯ

Қоғамға қайта бейімделу – ортақ міндет

«ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАЛЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІНІҢ» ТАПСЫРЫСЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН «БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАН АДАМДАРҒА ЖӘНЕ ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ ЕСЕБІНДЕГІЛЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ» МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА МЕКЕМЕАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ МАҚСАТЫНДА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ЖОБАНЫҢ ОРЫНДАУШЫСЫ — «AZAMATSHNA KZ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ.



Жобаның негізгі мақсаты – бас бостандығынан айырылған азаматтар мен пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларға кешенді әлеуметтік, құқықтық және психологиялық қолдау көрсету, олардың қоғамға қайта бейімделуіне қолайлы жағдай жасау, жұмыспен қамтылуына және әлеуметтік мәселелерінің шешілуіне ықпал ету.

Дөңгелек үстелге Жаңаөзен қаласының Мансап орталығы, Отбасын қолдау орталығы, Жастар ресурстық орталығы, Орталық аурухана, Жаңаөзен қалалық полиция басқармасы, Пробация қызметі, Прокуратура және Ішкі саясат бөлімінің өкілдері қатысты.

Кездесу барысында пробация қызметі есебіндегі азаматтарды әлеуметтік сүйемелеу, жұмыспен қамту, медициналық және психологиялық көмек көрсету, құқықтық кеңес беру, сондай-ақ мемлекеттік қолдау

шараларына қолжетімділікті арттыру мәселелері жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар, мекемелер арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру, ақпарат алмасу және әрбір азаматқа кешенді қолдау көрсету бағытындағы ұсыныстар ортаға салынды.

Қатысушылар қоғамға қайта бейімделу үдерісінде мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмысы маңызды рөл атқаратынын атап өтіп, алдағы уақытта өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын екендіктерін білдірді.

Мұндай кездесулер азаматтардың әлеуметтік ортаға сәтті бейімделуіне, қайталама құқық бұзушылықтың алдын алуға және олардың толыққанды өмірге қайта оралуына ықпал ететін маңызды алаң болып табылады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

ЖЫРДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАҒАН КЕШ

Басы 1-бетте.

мен ұлттық әдебиеттегі орны жөнінде тағылымды ой бөлісіп, ақын мұрасын ұлықтаудың маңызын атап өтті.

Бұл кештің басты ерекшелігі – республиканың әр өңірінен келген жыршы-жыраулардың бір сахнада бас қосуы болды. Астана қаласынан Әли Сәрсен мен Балғынай Қуаныш, Алматы қаласынан Ақжол Тілеубай, Атырау өңірінен Бақытбек Сәрсенов, Маңғыстаудан Бердібай Тойғұлиев, Серік Темірханұлы, Бекенжан Нұрмергенұлы, Ниязтұрлы Бектұров, Темірбек Асканбаев, Жомарт Маратов, сондай-ақ Жаңаөзеннің намысын қорғаған Мақсат Аяпов пен Асанғали Ізтұрған сахна төрінде өнер көрсетіп, көрерменнің зор қошеметіне бөленді. Әр орындаушы өзіндік мақамымен, көмейінен төгілген жырмен, орындаушылық шеберлігімен ұлттық өнердің биік деңгейін көрсетті.

Кештің мәртебесін арттырған ерекше қонақ – «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Махамбет атындағы «Дауылпаз» сыйлығының лауреаты, 2019-2025 жылдардағы Қазақстанның үздік күйшісі, халықаралық «Мен қазақпын» мегажобасының бас жұлдегері, Атырау қаласындағы Дина Нұрпейісова атындағы академиялық халық аспаптар оркестрінің жеке домбырашысы Жәнібек Жәмиев болды. Оның қатысуы кештің мерейін үстем етіп, өнерсүйер қауымға ерекше әсер сыйлады.

Кеш барысында Сәттігүл Жанғабылұлының «Әлеумет, келдің құрала...», «Әлеумет, келдің алқалай...», «Елден сәлем», «Тойбастар», «Насихат сөз», «Мұштарих» секілді тағылымы мол жырлары орындалды. Сонымен қатар ақын мұрасымен қатар Маңғыстау жыраулық мектебінің көрнекті өкілдерінің шығармалары шырқалып, қазақтың сөз өнерінің шексіз байлығы дәріптелді. Домбыраның күмбірі мен көмейден төгілген жыр өзара үйлесім тауып, әр тыңдаушының жүрегіне жол тапты.

Сәттігүл Жанғабылұлы – қазақтың дәстүрлі жыршылық өнерін жана белеске көтерген, халықтың мұнын мұндап, жоғын жоқтаған, ел бірлігі мен адамгершілік құндылықтарын жырға қосқан ұлы тұлға. Оның шығармаларында туған жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық рух, тарихи жады мен елдік мұрат терең көрініс тапқан. Сондықтан ақынның 150 жылдық мерейтойын республикалық деңгейде атап өту – бір тұлғаның ғана емес, тұтас қазақ руханиятының әлемінін асыру.

Рухани кеш барысында қала әкімінің орынбасары Мекен Үйсенов сөз сөйлеп, Сәттігүл Жанғабылұлының қазақ әдебиеті мен жыраулық өнеріндегі орны ерекше екенін атап өтті. Ол ұлттық мұраны дәріптеу – бүгінгі



ұрпақтың қасиетті борышы екенін айтып, қазақ өнерін насихаттап жүрген жыршыларға алғысын жеткізді. Сонымен қатар өнерді дамытуға үлес қосқан бірқатар азаматтарға Алғыс хаттар табысталды.

Жыр кешінде орындалған әрбір шығарма көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Бірі терең ойға жетелесе, бірі ерлік рухын асқақтатты, енді бірі адамгершілік пен ізгіліктің қадірін ұғындырды. Әсіресе жастардың жырды ерекше ықыласпен тыңдап, әр орындаушыны зор қошеметпен қарсы алуы ұлттық өнердің ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқанын көрсетті.

Домбыраның күмбірі мен жырдың асқақ сарыны Кендірлі ауылдық мәдениет үйінің аланын ерекше рухани кеңістікке айналдырды. Финалдық ән орындалған сәтте сахна мен көрерменнің арасындағы байланыс бұрынғыдан да беки түсіп, бұл кештің жиналған жұрт жадында ұзақ сақталары анық аңғарылды.

«Жыр жұлдызы – Сәттігүл» республикалық жыр керуені – халқымыздың рухани тамырын тереңнен тартқан жыраулық дәстүрдің мәңгілік екенін тағы бір мәрте дәлелдеген тағылымды мәдени оқиға болды. Бұл кеш қазақтың асыл өнерін ұлықтап қана қоймай, өңірлер арасындағы шығармашылық байланысты нығайтып, ұлттық мұраны кейінгі ұрпаққа насихаттаудың жарқын үлгісін көрсетті.

Домбыраның қос ішегінен төгілген қасиетті үн ешқашан үзілмесін. Жыраулардың асыл сөзі ұлттың рухын асқақтатып, Сәттігүлдай дара тұлғалардың мұрасы ғасырлар бойы жасай бермек. Осындай тағылымды кештер қазақ руханиятының алтын арқауын жалғап, ұлттық өнердің мәңгілік шамшырағы болып қала беретіні сөзсіз.

Қарақат НҰРЛЫБАЙ.

Жасыл энергия – жасыл қала



Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары М.Үйсенов Италияның жетекші энергетикалық компаниясы Eni S.p.A. еншілес ұйымдарының өкілдерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Жаңаөзен қаласының аумағында күн, жел және газ энергиясын біріктіретін гибриді электр станцияларын дамыту жобалары талқыланды.

Өздеріңізге белгілі, 2025 жылдың 27 қыркүйегінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен италиялық Eni компаниясы бірлесіп жүзеге асырған қуаты 50 МВт күн электр станциясы пайдалануға берілді. Бұл жоба жалпы қуаты 247 МВт болатын гибриді энергетикалық кешеннің алғашқы кезеңі саналады.

Кездесу барысында компания басшылығының назарына электр станцияларының айналасында және қала аумағында жасыл аймақтар қалыптастыру жөніндегі ұсыныс жеткізілді. Бастама толық қолдау тауып, алдағы

уақытта бірлесіп көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, арнайы жасыл белдеулер құру және ағаш отырғызу бағытында нақты келісімдерге қол жетті.

Сонымен қатар, жобаларға қатысты жер учаскелерінің құжаттарын реттеу мәселелері де талқыланып, ортақ шешімдер қабылданды.

Алдағы уақытта өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында меморандум жасасып, Жаңаөзен қаласының экологиялық жағдайын жақсарту, жасыл инфрақұрылымды дамыту және тұрақты энергетика саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру жұмыстары жалғасады.

Жаңаөзен – өндіріс пен энергетиканың ғана емес, экология мен тұрақты дамудың да үлгілі қаласына айналуы тиіс.

Ұлттың тұғыры – тілдің мәртебесі



«Егер тағдыр мені атажұртқа әкелмегенде, бүгінгі өмірім қандай болар еді?». Кейде осы бір сурақ көкейімізге көлбеңдеп тұрады. Бұл — жай ғана ой емес, тәуелсіздіктің қадірін, ана тілінің қасиетін тереңірек сезіндірген өмірлік сауал.

Менің өмір жолым – тәуелсіз Қазақстанмен бірге өрілген тағдыр. Әкем өмірден ерте озған соң, анам үлкен шешім қабылдады. Ол мені бес жасымда Түркіменстандағы Қызыларбат қаласынан Жаңаөзенге, апамның қолына жіберді.

– Қызым, сен қазақ мектебінде оқуың керек. Болашағыңның кілті – қазақ тілінде. Біз екеңнің жылын берген соң, Қазақстанға көшіп барамыз, – деген анамның сөзінің мәнін мен сол кезде түсінбедім. Бала көңіл туған жерден кеткісі келмеді. Жыладым. Бірақ бүгін сол шешімнің менің тағдырымды өзгерткенін анық білемін.

1995 жылы Жаңаөзендегі №10 орта қазақ мектебінің табалдырығын аттадым. Ал бір жылдан кейін анам, ағам және әпкем де атажұртқа көшіп келді. Ол тәуелсіздіктің алғашқы, қиын кезеңі еді. Ел еңсесін енді тіктеп жатқан шақ. Халықтың тұрмысы жеңіл болған жоқ. Анам базарда сауда жасап, бізді жеткізді. Біз де қолдан келгенше көмектестік. Бірақ сол қиындықтардың бәрі бізді шыңдады. Ең бастысы – біз өз елімізде, өз тілімізде білім алдық.

Қазақ мектебі маған тек әріп танытып қойған жоқ. Ол маған ұлттық болмысымды, тарихымды, рухымды танытты. Кейін ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, қазақ журналистикасының жолын тандадым. Егер анам сол кезде басқа шешім қабылдағанда, мүмкін мен

бүгін қазақ тілінде мақала жазып, қазақ қоғамына қызмет етіп отырмас па едім.

Тіл – жай ғана қатынас құралы емес. Тіл – ұлттың жадын сақтайтын қазына. Ана тілінен айырылған халық уақыт өте өзінің рухани тамырынан ажырайды. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесі заңмен ғана емес, әр қазақтың жүрегімен қорғалуы тиіс.

Қазақ тілінің мәртебесін көтеру – өзге тілді төмендету емес. Керісінше, бұл – өз мемлекетіңе деген құрметтің белгісі. Көп тіл білу – артықшылық. Бірақ туған тілді білу – міндет.

Бүгінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңейіп келеді. Қазақша білім алып жатқан жастар көбейді. Қазақ тіліндегі ғылым, журналистика, әдебиет, цифрлық контент қарқынды дамуда. Бұл – тәуелсіздіктің ең үлкен жемістерінің бірі.

Кейде «Түркіменстанда қалып қойсам не болар еді?» деп ойлаймын. Бірақ бұл сурақтың жауабын іздеудің өзі артық сияқты. Өйткені тағдыр мені қазақ мектебіне, қазақ университетіне, қазақ журналистикасына алып келді. Сол үшін ең алдымен анама, одан кейін Тәуелсіз Қазақстанға алғыс айтамын.

Ұлттың жаны – тілінде. Ал тілдің мәртебесі – әрқайсымыздың күнделікті ісімізден, сөйлеген сөзімізден, тәрбиелеген ұрпағымыздан басталады.

Ендеше, ана тілімізді ардақтайық. Өйткені тілі мықты елдің ғана тұғыры биік болады.

Гүлсім МҰРЫНОВА.

■ 6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

Арман қала – Астана

АСТАНА – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР МЕН ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ СИМВОЛЫНА АЙНАЛҒАН ҚАЛА. БҮГІНДЕ ОЛ ҒЫЛЫМНЫҢ, БІЛІМНІҢ, МӘДЕНИЕТ ПЕН ИННОВАЦИЯНЫҢ ІРІ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ДАМЫП КЕЛЕДІ. КӨРГЕН АДАМ ТАҢ ҚАЛАТЫН, БАРҒАН ЖАНДЫ БІРДЕН БАУРАП АЛАТЫН ЕЛОРДАНЫҢ ҚҰШАҒЫ КІШІГЕ ДЕ, ҮЛКЕНГЕ ДЕ ӘРДАЙЫМ АШЫҚ. МҮНДА ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН КЕЛГЕН ЖАСТАР БІЛІМ АЛЫП, ҚАБІЛЕТТЕРІН ШЫҢДАП, БОЛАШАҒЫНА БЕРІК НЕГІЗ ҚАЛАЙДЫ. ОСЫ ОРАЙДА БІЛІМ ІЗДЕП АСТАНАҒА КЕЛІП, ӨЗ АРМАНЫНА НЫҚ ҚАДАМ БАСҚАН ЖАСТАРДЫҢ БІРІ – ЖІБЕК АСАНҚЫЗЫНЫҢ ЖЕТІСТІК ЖОЛЫ ТУРАЛЫ Әңгімелекіпіз.

Мадина ӨТЕЖАНОВА

Жібек Өтепберді 2008 жылы 19 наурызда Жаңа-өзен қаласында дүниеге келді. №12 бастауыш мектепте алғаш әріп танып, №2 жалпы білім беретін мектепті тәмамдады. 2023 жылы «Жарқын болашақ» бағдарламасы арқылы Астана қаласындағы «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжіне оқуға түсіп, IT мамандығын үздік дипломмен аяқтады. Оның айтуынша елордада білім алу тек сапалы мамандық игеруге ғана емес, сонымен қатар жан-жақты дамуға, жаңа орта қалыптастыруға жол ашады.

– Астана үлкен мүмкіндіктерге толы. Мұнда білім ала отырып, мол тәжірибе жинауға, өзінді дамытуға барлық жағдай жасалған. Шексіз армандап, болашаққа тың



жоспарлар құруға үйретеді. Осында өткізген студенттік жылдарым мен үшін ең ыстық кезеңдердің бірі.

Максаттарымыз ұқсас жаңа достар кезіктірдім. Мен мұнда өмірге жаңа қырынан қарай бастадым, – дейді Жібек.

Колледж қабырғасында жүріп ол ақпараттық технологиялар саласында терең білім алып, түрлі жобаларға қатысып, мамандығының қыр-сырын меңгерді. Кәсіби дағдыларын шындай отырып, түрлі спорттық, мәдени шараларға, құндылықтар сағаттарына да белсенді қатысты. «Шашбаулым» атты өнер сайысына қатысып, өзін жаңа қырынан аша білді. Байқауда тек білім жағынан ғана емес, өнерде де талантты екенін дәлелдей түсіп, Алғыс хатпен марапатталды. Жібектің

құштарлығының нәтижесінде биыл оқуын үздік аяқтап, қызыл дипломға ие болды. Өз саласының білікті жас мамандарының қатарына қосылды.

Жібек Асанқызы үшін бұл жетістіктің бастауы ғана. Ол алдағы уақытта Астанадағы жоғары оқу орындарының біріне түсіп, IT саласындағы білімін одан әрі жетілдіруді жоспарлап отыр. Оның басты мақсаты заманауи технологияларды меңгеріп, еліміздің цифрлық дамуына өз үлесін қосатын білікті маман болу.

– Астана мені бірден өзіне баурап алған болатын. Қала күннен күнге көркейіп, дамып жатырғандықтан, ғашық болмау мүмкін емес. Биік



Цифрландыру жүйесі қарқынды дамып жатқан заманда мамандығымының жауапкершілігін терең сезінемін. Армандар мен мүмкіндіктерге толы қалада білімімді одан әрі жетілдіріп, IT саласының үздік маманы болғым келеді, – дейді ол.

Елорданың ұсынған мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, өз мақсатына нық қадам басып келе жатқан жас маманның білімге деген құштарлығы жарқын болашаққа жетелейтіні сөзсіз. Жібек Асанқызының жетістік жолы белестерді бағындыруға ұмтылып жүрген жастарға үлгі болары анық.

– 6 шілде – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын. Астана бұл армандар қаласы. Әсіресе оқимын, білімін аламын деген жастарға берері көп. Биіктерді бағындыруға сенім сыйлайтын қала қысқа уақыт ішінде әлем мойындаған заманауи мегаполиске айналды. Астана әрдайым жаңа бастамалардың, жаңа идеялардың қаласы болып көркейе берсін, – деп ыстық лебізін жеткізді жас маман.

Мүмкіндіктерге толы бас қала

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖҮРЕГІ, БІЛІМ МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРДІҢ ҚАЛАСЫ АСТАНАҒА АРМАНЫН АРҚАЛАП, ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ІЗДЕП КЕЛГЕН ЖАСТАРДЫҢ БІРІ - МЕН АБЗАЛ ХАКИМОВ АСЫЛХАНҰЛЫ.

Мен, 2008 жылдың 23 шілдесінде Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласында дүниеге келдім. №3 жалпы білім беретін мектепте білім алдым. Кішкентайымнан математика мен информатика пәніне ерекше қызуғышылық танытатынымын. Сондықтан өзімді IT саласында көретінімін.

9-сыныпта «Жарқын болашақ» бағдарламасы арқылы Қазақстанның әртүрлі қалаларындағы колледждерге студенттерді қабылдау жүріп жатқанын естідім. Бұл мен үшін үлкен мүмкіндік болды. Мектепті аяқтағаннан кейін, құжаттарымды жинап, Астана қаласындағы «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжіне тапсырдым.

Астананы таңдауыма да өзіндік себебі бар. Мектеп қабырғасында жүрген кезімнен еліміздің бас қаласын көруді армандадым. Оның ерекше саулетімен, мәдениетімен және тыныс-тіршілігімен танысып келдім. Сол арманым орындалып, бүгінде елордада білім алып, өмірімдегі бағалы кездерді өткізгеніме қуаныштымын.

Астана мені алғашқы күннен-ақ ерекше әсерге бөледі. Заманауи келбеті, кең көшелері, қарқынды өмір ырғағы маған үлкен мотивация сыйлады. Бұл қала әрбір жасты алға ұмтылуға, жаңа белестерді бағындыруға жетелейді.

Елордада студенттер тек сапалы білім алып қана қоймай, кәсіби және жеке дамуға да мол мүмкіндік алады. Жан-жақты ізденуге, өзінді жаңа қырынан дамытуға барлық жағдай жасалған. Колледжімізде өз ісіне адал, тәжірибелі ұстаздар білім береді. Олар бізге тек теориялық білім ғана емес, өмірде қажет қажет-тің тәжірибе жинауға бағыт-бағдар көрсетті.



Астананың менің өмірімде алар орны ерекше. Жаңа достар тауып, орта қалыптастырдым. Білім алдым, мол тәжірибе жинадым. Бұл жерде студенттік кездегі ең ыстық шақтарымды өткіздім. Елордадағы әр күн мені жаңа жетістіктерге жетелеп, болашаққа деген сенімді арттыра түсті.

Мен спортпен айналысқанды және музыкалық аспапта ойнағанды жақсы көремін. Астанада спорт кешендері, шығармашылық және мәдени орталықтар өте көп. Бұл жастардың сүйікті ісімен айналысып, бос уақытын тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Осындай қолайлы ортаның болғаны маған ерекше ұнайды.

Астана маған тек білім ғана емес, үлкен арманға сеніммен қадам басуды, үздіксіз ізденуді және өз-өзімді дамытуға ұмтылуды ұйретті. Болашағыма сенім сыйлады. Сондықтан мен үшін Астана – тек елорда ғана емес, үлкен мүмкіндіктер мен жарқын болашақтың мекені.

Баршаңызды Астана күнімен құттықтаймын. Тәуелсіз еліміздің болашағы жарқын болсын. Астана қаласы дамып, өркендей берсін!

Абзал ХАКИМОВ.

■ ҚОРҒАН

Студенттік партадан – бір сапқа

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНАН КЕЛГЕН БЕС ТОПТАС ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҰЛАНЫ «БАТЫС» Өңірлік қолбасшылығы-ның 5548 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ ҚАТАРЫНА БІРГЕ ҚОСЫЛДЫ



Әрбір жастың өмірінде студенттік жылдарда алған білімі ел алдындағы азаматтық жауапкершілікпен ұштасатын ерекше кезең болады. Қызылорда облысынан келген бес жас үшін бұл жолдың мәні тіпті айрықша. Оларды бір оқу орны, бір топ, бір мамандық қана емес, Отан алдындағы қасиетті борышты бірге өтеуге деген ортақ мақсат біріктірді.

26 маусымда олар Қызылорда қаласындағы Мұрат Саламатов ағындағы №7 қызмет көрсету колледжін тәмамдап, орта арнаулы білім туралы дипломдарын қолдарына алды. Ал араға небәрі екі күн салып, 28 маусымда ҚР Ұлттық Ұланы «Батыс» өңірлік қолбасшылығының 5548 әскери бөліміне мерзімді әскери қызмет өткеру үшін келді.

Кеше ғана бір аудиторияда білім алып, бір партада қатар отырып, тәжірибелік сабақтарға қатысып, емтиханға бірге дайындалған достар бүгін әскери киім киіп, бір сапта, иық тірестіріп қызмет жолын бастады. Бұл – достықтың беріктігі мен азаматтық жауапкершіліктің жарқын көрінісі.

5548 әскери бөлімінің қатары Ерсұлтан Есенбай, Тимур Жағыппаров, Жасұлан Өмірзақ, Бағдаулет Әзи, Нияз Төлегенмен толықты. Бесеуі де автомобиль қраны машинисі мамандығын меңгерген. Енді олар үшін жаңа өмір мектебі – Отан қорғаушының қасиетті жолы басталды. Оларды өзара сыйластық, достық, бірлік және Қазақстан Республикасы алдындағы азаматтық борышты абыроймен өтеуге деген ұмтылыс біріктірді.

5548 әскери бөлімінің қолбасшылығы жас сарбаздарды салтанатты түрде қарсы алып, олардың әскери қызметтегі алғашқы қадамдарына сәттілік тіледі. Алғашқы күннен бастап олар жас жауынгер курсынан өтіп, әскери істің қыр-сырын меңгеруде, жауынгерлік және дене даярлығын жетілдіруде, әскери жарғылар талаптарын игеруде.

Алда оларды қарқынды дайындық, қатаң әскери

тәртіп, жауапкершілік пен нағыз жауынгерлік бауырластық күтіп тұр. Осы кезеңдегі ең маңызды оқиғалардың бірі – 2026 жылғы 1 тамызда өтетін Әскери ант қабылдау рәсімі. Бұл күні жас сарбаздар Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге, елдің тәуелсіздігі мен тыныштығын қорғауға салтанатты түрде ант береді.

Әскери қызмет – ерлік пен табандылықтың, тәртіп пен жауапкершіліктің, патриотизмнің нағыз мектебі. Ол жас азаматтарды шыңдап, олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен әскери борышқа адалдық қасиеттерін қалыптастырады. Әсіресе, бұл жолды бес достың бірге бастауы ерекше мәнге ие. Колледж қабырғасында басталған достық бүгінде әскери сапта жалғасып, олардың өзара қолдауына, ұйымшылдығына және әскери ұжымға тез бейімделуіне берік негіз болып отыр.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының қатарын толықтырған жас сарбаздар еліміздің қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, заңдылық пен тәртіпті сақтауға өз үлестерін қосатын болады. Олар – Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы мен сенімді тірегі.

5548 әскери бөлімінің офицерлері, сержанттары және жеке құрамы Қызылорда облысынан келген жас сарбаздарға зор денсаулық, қайсарлық, әскери қызметте табыс, сенімді жауынгер жолдастар және әрдайым биік рух тілейді. Әскери қызмет олардың әрқайсысы үшін өмірлік тәжірибе мен азаматтық қалыптасудың маңызды кезеңіне айналып, туған жеріне абыроймен оралуына жол ашсын.

Бір студенттік топтан басталған достықтың бүгінде бір әскери сапта жалғасуы – нағыз бірліктің, адалдықтың және Отанға деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі.

Дамир БАЛГУЖИНОВ,

5548 әскери бөлімінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар бөлімшесінің бастығы, капитан.

МЕРЕЙ

Ақпараттың абыройын асқақтатқан мереке

28 МАУСЫМ — БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ МАҢҒЫСТАУ Өңірінде ерекше мән-маңызға ие мерекелердің бірі ретінде аталып өтті. Ақтау мен Жаңаөзенде ұйымдастырылған салтанатты іс-шаралар ақпарат саласында еңбек етіп жүрген журналистердің, редакторлардың, операторлардың, фототілшілердің және баспасөз қызметі мамандарының еңбегіне көрсетілген зор құрметтің белгісі болды.

Гүлсім ОСПАН

Жаңаөзен қаласында өткен «Ақпарат айдынындағы адал еңбек» атты мерекелік кешке қала әкімінің орынбасары Мекен Үйсенов, қалалық мәслихат төрағасы Ғалым Байжанов, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің өкілдері, «Жаңаөзен» қоғамдық-саяси газетінің



және «Жаңаөзен» телеарнасының ұжымы, сала ардагерлері мен қызметкерлері қатысты.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген қала басшылығы журналистердің қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтті. Себебі бүгінгі таңда ақпарат — жай ғана жаңалық емес, ол қоғамдық пікірдің қалыптасуына, елдің дамуына, халықтың сеніміне ықпал ететін маңызды күшке айналды. Сондықтан журналистің әрбір материалы — үлкен жауапкершілік пен кәсібиліктің нәтижесі.

Мерекелік жиында ақпарат саласының дамуына үлес қосқан бірқатар мамандар Қала әкімінің Құрмет Грамотасымен, Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасымен, Маңғыстау облысы әкімінің және Жаңаөзен қаласы әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар қала

әкімі-нің атынан жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының ұжымдарына арнайы сыйлықтар табысталды.



Бағдарлама концерттік қойылымдармен, жанды дауыстағы әндермен және журналистердің білімін сынайтын интеллектуалдық ойындармен жалғасты. «Жаңаөзен» газетінің бас редакторы Гүлназ Бөлекбаева мен «Жаңаөзен» телеарнасының жетекшісі Райымгүл Махамбетова әріптестеріне шығармашылық шабыт пен жана жетістіктер тіледі. Еркін форматтағы кездесуде журналистер өзара пікір алмасып, кәсіби тәжірибелерімен бөлісті.

Бұл күні облыс орталығы Ақтаудағы «Rixos Water World Aktau» қонақ үйінде ауқымды мерекелік жиын өтті. Оған Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қылыбай қатысып, ақпарат саласы өкілдерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Іс-шара барысында өңірдің ақпарат кеңістігінің жетістіктері таныстырылып, «Маңғыстау-Медиа» ЖШС, «Маңғыстау» телеарнасы, Қоғамдық коммуникация орталығы, «Жолбаян» радиосы, Lada.kz және inAktau.kz ақпараттық ресурстарының жұмысы туралы бейнероликтер көрсетілді. Сонымен қатар облыстың әр өңірінде еңбек етіп жүрген журналистермен тікелей байланыс ұйымдастырылып, ақпарат саласының ардагерлеріне құрмет көрсетілді.

Өңір басшысы Нұрдаулет Қылыбай өз сөзінде:

— Бұқаралық ақпарат құралдары — халық пен биліктің арасындағы алтын көпір. Елдің тыныс-тіршілігін, халықтың мұң-мұқтажын, мемлекеттегі оң өзгерістерді халыққа жеткізіп жүрген журналистердің еңбегі қашанда жоғары бағалануға тиіс. Ақпараттың сапасы — қоғамның сапасы. Сондықтан бұл салаға қойылатын талап та, сенім де жоғары, — деп атап өтті.

Бұл сөздің астарында үлкен мән жатыр. Өйткені цифрлық технология қарыштап дамыған заманда ақпарат бұрынғыдан әлдеқайда жылдам тарайды. Осындай кезеңде шынайы дерекке сүйеніп, халыққа сенімді ақпарат ұсынатын кәсіби журналистердің еңбегі бұрынғыдан да маңызды. Жалған ақпарат пен түрлі қауесет көбейген уақытта қоғамның журналистикаға деген сенімі — ел тұрақтылығының маңызды кепілдерінің бірі.

Мерекелік жиын барысында ақпарат саласының екі қызметкеріне тұрғын үйдің кілті табысталып, бұл — журналистердің

әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған нақты қолдау екенін көрсетті. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен еңбек ардагері Киікбай Мырзағұлұлы «Парасат» орденімен, еңбек ардагері Гүлнар Науырша «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. «Маңғыстау-Медиа» ЖШС директорының орынбасары Сұлтанбек Құдайберген «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісіне ие болды. Сондай-ақ Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің марапаттары, «Еңбек ардагері» төсбелгілері, Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар табысталды. Өңірдің бірқатар журналистері мен баспасөз қызметінің мамандары Маңғыстау облысы әкімінің Алғыс ха-



тымен марапатталды.

Мерекелік кеш шығармашылық ұжымдардың концерттік бағдарламасына ұласып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Қоғамның айнасы саналатын журналистика — тек мамандық емес, бұл үлкен жауапкершілік. Әрбір мақала, әрбір бейнесюжет, әрбір сұхбат елдің ертеңіне әсер ететін рухани құндылыққа айналады. Сондықтан ақпарат саласы қызметкерлеріне көрсетілген құрмет — олардың жеке еңбегіне ғана емес, шынайы ақпаратқа, сөз бостандығына және қоғамның дамуына көрсетілген құрмет деп бағалауға болады.

Бүгінгі журналист — тек жаңалық таратушы емес. Ол — қоғамның үнін жеткізуші, әділдіктің жақтаушысы, халық пен биліктің арасындағы сенімді байланысты нығайтушы. Осындай жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген ақпарат саласының барлық қызметкерлеріне көрсетілген құрмет олардың жаңа белестерді бағындыруына серпін беретіні сөзсіз.

Ардагер журналистерге құрмет көрсетілді



БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ МЕН ОҒАН ҚАРАСТЫ АУЫЛДАРДА АҚПАРАТ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛІП, ОЛАРДЫҢ КӨП ЖЫЛДЫҚ ЕҢБЕГІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ.

Кәсіби мерекеге орай Жаңаөзен қаласының әкімдігі журналистика саласының ардагері, жазушы, өлкетанушы, қоғам қайраткері, Жаңаөзен қаласының Құрметті азаматы Жоламан Айдарбаевты арнайы құттықтады. Саналы ғұмырын

қазақ журналистикасының дамуына, өңірдің қоғамдық-саяси өміріне және ұлттық руханиятқа арнаған қаламгерге ізгі тілектер айтылып, шығармашылық табыс пен ұзақ ғұмыр тілеген мекенжайлық құттықтау ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, Жаңаөзен қаласының

Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі, ардагер ұстаз Асылбек Айдаровқа да ерекше құрмет көрсетілді. Қала әкімінің орынбасары Мекен Үйсенов арнайы барып, елдің рухани-мәдени дамуына, журналистика мен білім саласына сіңірген өлшеусіз еңбегі үшін алғыс айтып, сый-сияпат табыстады. Ұзақ жылдар бойы ұстаздық пен журналистиканы қатар алып жүрген қаламгердің өңір тарихын зерделеуге қосқан үлесі ерекше атап өтілді.

Мереке аясында ауыл әкімдері де ақпарат саласы ардагерлерін назардан

тыс қалдырған жоқ. Тенге ауылының әкімі Амандық Ермұханов ауылдағы ақпарат саласының ардагерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, ұзақ жылдар «Жаңаөзен» телеарнасында еңбек еткен Қосаман Жайлы және «Жаңаөзен» газетінде жемісті қызмет атқарған Айжан Сәрсенованы мерекемен құттықтап, еңбектеріне ризашылығын білдірді. Кездесу барысында ауыл әкімі ақпарат саласы мамандарының қоғам мен халық арасындағы алтын көпір екенін айтып, оларға зор денсаулық пен шығармашылық табыс тіледі.

кездесулерде олардың саналы ғұмыры мен ел игілігі жолындағы еңбегі жас буынға үлгі екені айтылып, ақпарат саласының дамуына қосқан өлшеусіз үлестері үшін алғыс білдірілді.

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған бұл тағылымды шаралар — өңір журналистикасының дамуына еңбек сіңірген аға буын өкілдеріне көрсетілген құрметтің жарқын көрінісі. Олардың қажырлы еңбегі мен қалдырған мол мұрасы жас журналистерге бағыт-бағдар бермек.

Айлин АСҚАР.

Қаламына адал, кәсібіне берік журналист

АҚПАРАТ — ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ. АЛ СОЛ АҚПАРАТТЫ ХАЛЫҚҚА ЖЕТКІЗЕТІН ЖУРНАЛИСТІҢ ЕҢБЕГІ ӘРДАЙЫМ ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ІЗДЕНІСТІ ТАЛАП ЕТЕДІ. ОСЫНДАЙ ЖАУАПТЫ ЖОЛДЫ ТАҢДАҒАН ЖАНДАРДЫҢ БІРІ — РАЙЫМГҮЛ МАХАМБЕТОВА.

Гүлсім МҰРЫНОВА

Райымгүл Махамбетқызы 1986 жылы Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданында дүниеге келген. Журналистика саласына деген қызығушылығы оны Ақтөбе мемлекеттік университетіне

жетелеп, жоғары білімін осы мамандық бойынша тәмамдады.

Еңбек жолын 2008 жылы бастаған ол бүгінде журналистика саласында 18 жылдан астам уақыт бойы табанды еңбек етіп келеді. Осы жылдар ішінде қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, халықтың үнін билік пен



қоғамға жеткізуге атсалысты.

2021 жылдан бері «Жаңаөзен» телеарнасының басшысы қызметін атқарып келеді. Оның басшылығымен телеарнаның жұмысы жана деңгейге көтеріліп, материалдық-техникалық базасы нығайтылды, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бүгінде арнада он түрлі бағдарлама көрерменге тұрақты түрде ұсынылып, ақпараттық-танымдық бағыттағы жобалар табысты жүзеге асырылуда.

Райымгүл Махамбетқызының шығармашылық қолтаңбасын айқындайтын авторлық жобалардың бірі — «Дабыл» бағдарламасы. 2017

жылдан бері эфирден түспеген бұл жоба құқықбұзушылық пен қоғамдық қауіпсіздік мәселелерін көтеріп, көрермен сеніміне ие болды. Ал 2025 жылдан бастап эфирге шыққан «Заң мен тәртіп» бағдарламасы құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды жобалардың біріне айналды.

Журналистикамен қатар қоғамдық қауіпсіздік саласында да белсенді еңбек етіп келеді. Он жылдан астам уақыт бойы Жаңаөзен қалалық полиция басқармасының баспасөз хатшысы ретінде құқық қорғау органдарының ақпараттық жұмысын

жаңа деңгейге көтеруге үлес қосты. Бүгінде басқарманың әлеуметтік желідегі ресми парақшалары Маңғыстау облысындағы ең белсенді әрі нәтижелі ақпараттық алаңдардың қатарында.

Еңбегі еленіп, 2020 жылы «Жылдың үздік тілшісі» атанды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің, облыс және қала әкімдіктерінің Алғыс хаттарымен, қала әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Биыл Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында Райымгүл Махамбетқызының ұзақ жылғы еңбегі тағы бір мәрте лайықты бағаланып, Жаңаөзен қаласы әкімінің Құрмет грамотасына ие болды. Бұл марапат — оның кәсібіне деген адалдығының, шығармашылық ізденісінің және қоғам алдындағы жауапкершілігінің занды жемісі.

Өмірдегі басты байлығы — отбасы. Бір ұл мен бір қыз тәрбиелеп өсірген ана бүгінде балаларының медицина саласында білім алып, өз жолдарын қалыптастырып келе жатқанына қуанады.

Журналистің ең үлкен жетістігі — алған марапатында ғана емес, халықтың сенімінен көрінеді. Осы сенімді жылдар бойы ақтап келе жатқан Райымгүл Махамбетқызы өз ісіне адал, кәсіби ұстанымы берік, өңірдің ақпарат кеңістігінің дамуына сүбелі үлес қосып жүрген білікті журналист әрі тәжірибелі басшы ретінде танылып келеді. Оның еңбек жолы — кәсіби шеберлік пен азаматтық жауапкершіліктің үйлесім тапқан жарқын үлгісі.

ЖАҢАӨЗЕННІҢ АЛТЫН ДАУЫСЫ

АҚПАРАТ САЛАСЫНДА ЕҢБЕК ЕТУ — ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ ҒАНА ЕМЕС, ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК. ӘРБІР АЙТЫЛҒАН СӨЗ, ЭФИРГЕ ШЫҚҚАН ӘРБІР АҚПАРАТ, КӨРЕРМЕН ЖҮРЕГІНЕ ЖЕТКЕН ӘРБІР ҮН — СЕНІМ МЕН КӘСБИЛІКТІҢ ӨЛШЕМІ. ОСЫНДАЙ ЖАУАПТЫ ЖОЛДА ТАБАН АУДАРМАЙ 22 ЖЫЛДАН АСТАМ ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖАНДАРДЫҢ БІРІ — РАИСА МУХАМЕДИЕВА.



Раиса Қынабжанқызы 1974 жылдың 31 желтоқсанында Маңғыстау өңіріндегі мұнайшылар қаласы — Жаңаөзенде дүниеге келген. Оның ата-анасы бұл қалаға 1968 жылдан бері қоныстанып, Жаңаөзеннің қалыптасуы мен дамуына куә болған жандар. Сондықтан туған қалаға деген сүйіспеншілік пен адал қызмет ету қасиеті Раисаның бойына бала күнінен сіңді.

1991 жылы мектепті тәмамдаған соң Жаңаөзен медицина училищесіне оқуға түсіп, акушер мамандығын игереді. Оқуын аяқтағаннан кейін перзентханада екі жылға жуық еңбек етеді. Алайда жүрегінің түкпірінде бала кезден бір арман жатты. Ол — теледидардан халықпен жүздесіп, диктор болу.

1995 жылы «Ал-Баз» телеарнасы диктор қызметіне конкурс жариялайды. Байқауға оннан астам үміткер қатысады. Раиса он бірінші болып бақ сынап, екі кезеңнен сүрінбей өтеді. Камера алдында мәтін оқып, өзінің табиғи дауысымен, анық дикциясымен және сенімділігімен

комиссияның назарын аударады. Ол кезде телеарнаның басшысы Базар Ботабаев пен Али Жақсылықов болатын. Ал камераның қырсырын үйреткен ұстазы Қосаман Жайлы еді. Осылайша ешқандай журналистік білімсіз, камера алдында бұрын-соңды жұмыс істемеген жас маман арманына қол жеткізді.

1995 жылдың қазан айында жұмысқа қабылданған Раиса небәрі екі күннің ішінде алғашқы эфиріне шықты. Сол кездері жаңалықтар, құттықтаулар, садақа және асқа шақыру хабарландырулары бейнекассетаға жазылып, эфирге ұсынылатын. Жұмыс уақытымен ешкім санаспайтын. Кейде түннің бір уағына дейін, кейде таң атқанша еңбек етуге тура келетін. Бірақ жас маман үшін бұл ауырлық емес, орындалған арманның қуанышы еді.

1995-2000 жылдары «Ал-Баз» телеарнасында диктор болып қызмет атқарды. Кейін 2000-2001 жылдары «Мик ТВ» телеарнасында еңбек жолын жалғастырды. Ал 2008 жылдан 2023 жылға дейін Жаңаөзен телеарнасының жарнама

бөлімінде, 2023 жылдан 2024 жылдың сәуіріне дейін Ақтау телеарнасында кадр сыртындағы дауыс ретінде жұмыс істеді.

Осы уақыт аралығында мыңдаған жарнамаларды, құттықтауларды, еске алу мәтіндерін, хабарландыруларды, әлеуметтік роликтерді және түрлі жобаларды дыбыстады. Цифрлық технологиялар келе бастаған тұста монтаж жасауды өз бетінше меңгеріп, мәтіндерді өзі оқып қана қоймай, бейнематериалдарды монтаждап, эфирге толық дайындады. Осылайша шығармашылық пен техникалық жұмысты қатар алып жүріп, әр жобаның сапалы шығуына өзіндік үлесін қосты.

Раиса үшін телевизия ешқашан жай ғана



жұмыс болған емес. Ол — жүрек қалауы, бала күнгі арманы, өмірінің ажырамас бөлігі. Көрермендер оның дауысын ерекше жақсы көріп, «Жаңаөзеннің дауысы», «Алтын дауыс», «Мақпал дауыс» деп жылы лебіздерін білдіретін. Бірақ ол мұндай мақтауларды әрдайым қарапайымдылықпен қабылдап, өзін тек өз міндетін адал атқарып жүрген қарапайым қазақ қызы ретінде сезінетін.

Телевизиядағы қызметімен қатар медицина саласынан да қол үзген жоқ. Күндіз емханада еңбек етіп, кешкісін телеарнаға асығатын. Осындай тынымсыз еңбек жылдарында екі түрлі мамандықты қатар алып жүру үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап етті. Бірақ ол ешқашан мойыған емес.

Білімге деген құштарлығы да ерекше. Алғашқы медициналық білімінен кейін заңгер

мамандығын меңгерді. Кейін медициналық психология мамандығы бойынша жоғары білім алып, соңғы дипломын 2017 жылы, 43 жасында иеленді. Бұл — адамның жасы емес, талпынысы мен мақсаты маңызды екенін дәлелдейтін жарқын мысал.

Бүгінде оның медицина саласындағы еңбек өтілі — 27 жыл. Оның ішінде 18 жыл медбике болып қызмет атқарса, психология бағытында 9 жылдан астам еңбек етіп келеді. Ал телевизиядағы шығармашылық жолы — 22 жылдан асты. Бір-бірінен мүлде бөлек болғанымен, бұл екі сала да оның өмірін байытып, үлкен тәжірибе мен өмірлік сабақ сыйлады.

Қазір Раиса емханада қызмет етеді. Дегенмен шығармашылықтан алыстаған жоқ. Мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыруға белсенді атсалысып, көпшілік алдында еркін жүргізушілік етеді. Бұл — телевизияда шыңдалған кәсіби тәжірибенің өмір бойы серік болатынының дәлелі.

Отбасында да ол бақытты ана. Екі қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкен қызы мектепті «Алтын

белгімен» бітірді. Қазіргі таңда ағылшын тілінен сабақ береді, ал кенже қызы психология мамандығын меңгеріп жатыр. Анасының еңбекқорлығы мен білімге деген ұмтылысы қыздарына да үлгі болды.

Өткеніне көз жүгірткен сайын Раиса ақпарат саласында өткізген жылдарын мақтанышпен еске алады. Сол жылдар оған жауапкершілікті, төзімділікті, ең бастысы — өз ісіне адал болуды үйретті.

Өмір жолы көрсеткендей, адамды биікке шығаратын — атак емес, адал еңбек. Ал халықтың жүрегіне сакталатын — лауазым емес, шыннайы еңбекпен қалыптасқан дауыс пен жақсы есім. Сондықтан да Жаңаөзен жұртшылығы үшін Раиса — тек диктор ғана емес, тұтас бір дәуірдің үні, туған қаланың жүрегінен шыққан кастерлі дауыс.

■ Л.ХАМИДИДІҢ ТУҒАНЫНА – 120 ЖЫЛ

ЖАН ҚҰМАРЫ – ӘН МЕН КҮЙ

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕ АЙЫНДА, ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӘСІБІ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНДА ТҮРҒАН КОМПОЗИТОР ЛАТИФ ХАМИДИДІҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІНЕ 120 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. ҚАЗАҚСТАН МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕРІНІҢ ҮЛКЕН ЖАНАШЫРЫ, КОМПОЗИТОР, ПЕДАГОГ-ҰСТАЗ ЛАТИФ ХАМИДИДІҢ ЕСІМІ ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАҚ ЕМЕС.

Ол өзінің бар саналы ғұмырын қазақ өнерін насихаттап, дамытуға жұмсады. Оның жазған әндері, опералары әлі де сахнадан орындалуда. Халықтың рухани қазынасына айналған. Атақты «Абай» /А.Жұбановпен бірге/, әйгілі «Қазақ вальсін», «Бұлбұл», «Қызыл сұңқарлар» секілді кең тараған көптеген әндер мен романстар жазған композитор мол музыкалық мұра қалдырды.

Ол ұлы акын Абай Құнанбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай түсірілген «Абай әні» кинофильміне музыка жазып, оны да сәтті шығарды.

Композитордың соғыс тақырыбына арнап жазған музыкалық шығармалары да мол қуатымен, ерекше әсерімен тыңдаушылар жүрегіне жол тапқан. Сондай шығармалардың қатарына «Төлеген Токтаров» операсын қосуға болады. Ұрпаққа ұран, елге мұра болып қалған ерлік



шежіресін музыка тілімен сөйлету,

оны көпшілік көңілінен шығатындай биікке көтеру үлкен шеберлікті, шынайы талантты қажет етеді. Бұл парызды да Л.Хамиди ойдағыдай өтеді. 1944 жылы тұңғыш рет «Абай» операсына музыка жазып, творчестволық шынайы, үлкен сапарды бастаған композитор өзінің мағыналы өмірінде республикамыздың музыка мәдениетін дамытуға, театр мен киноның музыкасын жетілдіре түсуге, әндер, романстар, хорлар жазуға, жас музыканттарды оқытып, тәрбиелеуге үлкен үлес қосты.

Өмірінің соңғы жылдарында Хамиди драмалық спектакльдерге де бірнеше музыка жазды. Демек, ол композитор ретінде бір ғана саланы емес, бірнеше саланы қатарынан қамтыған жарқын талант иесі болатын. Композитор Отан мен партия, туған ел, өмір жайлы

өлеңдерге патриоттық әндер жазды. Ол көптеген ақындармен, әйгілі әншілермен, композиторлармен творчестволық тығыз байланыста жұмыс істеді. Әсіресе, Латиф Хамидидің қазақтың ән-музыка мәдениетінің дамытуға қосқан еңбегі орасан зор деуге әбден болады. Күні бүгінге дейін «Абай» операсы барша көрермендерді риза етіп келеді. Әйгілі композитордың осыдан 40 жыл бұрын жазған музыкалық шығармасы халықтың жүрегінде әлі де сақталуда.

Композитордың өз сөзімен айтқанда, халық үшін қызмет ету бақыты, өнермен жүректерге жол табу бақыты оның маңдайына жазылған. Өрге жүзген өнерпаздың мұрасы халықпен бірге жасап келеді. Белгілі композитордың халық игілігіне айналып кеткен музыкалық шығармалары ескірмей, жасай береді.

Тамара ХАСАНОВА,
орталық кітапхана
библиографы.

■ ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Мемлекеттік қызметті жаңғыртудың берік негізі

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ 2026 ЖЫЛҒЫ 19 МАМЫРДА ҚОЛ ҚОЙҒАН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛЕДІ.

Жаңа Заңның басты ерекшеліктерінің бірі – мемлекеттік қызметтің сервис және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделіне көшу. Сонымен қатар қазақстандық патриотизмді нығайту, кәсібилік, адалдық, ашықтық қағидаттарын орнықтыру, кадрлық процестерді толық цифрландыру және сыбайлас жемқорлық пен мүдделер қақтығысына мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға басымдық берілген.

Мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру мақсатында көлденең (горизонтальды) мансаптық ілгерілету тетігі енгізіледі. Бұдан былай мемлекеттік қызметшінің кәсіби дамуы, біліктілігін арттыру нәтижелері, білімін жетілдіруі және қызметтік жетістіктері мансаптық өсу барысында негізгі өлшемдердің бірі ретінде ескерілетін болады. Сонымен қатар бір лауазым шеңберінде лауазымдық деңгейлер бойынша кезең-кезеңімен мансаптық өсу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл тәжірибелі әрі нәтижелі қызметкерлерді ынталандырудың тиімді құралына айналады.

Жаңа Заң мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қолдау тетіктерін де айтарлықтай күшейтеді. Атап айтқанда, қызметтік қажеттілікке байланысты басқа жерге ауысқан мемлекеттік қызметшілерге көтерме жәрдемақы төлеу, тұрғын үйге байланысты төлемдер беру және мүлкікті тасымалдауға жұмсалған шығындарды өтеу көзделген.

Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктері де кеңейтілді. Басқа өңірге қызметтік ауысу кезінде көтерме жәрдемақы, тұрғын үй төлемдері және көшу шығындарын өтеу қарастырылған. Сондай-ақ мемлекеттік қызметте кемінде 25 жыл еңбек етіп, мемлекеттік немесе ведомстволық награда алған қызметкерлерге зейнетке шыққанда төрт лауазымдық жалақы көлемінде біржолғы

сыйақы төленеді.

Сондай-ақ мемлекеттік қызмет өтіліне байланысты қосымша ақы төленетін еңбек демалысы енгізіледі. Атап айтқанда, еңбек өтілі 10 жылдан асқан мемлекеттік қызметшілерге – 3 күнтізбелік күн, 15 жылдан асқан жағдайда – 5 күнтізбелік күн, ал 20 жылдан асқан кезде 10 күнтізбелік күн көлемінде қосымша демалыс беріледі.

Еңбек өтіліне байланысты қосымша ақылы демалыс енгізіліп, отбасылық маңызды жағдайларда жылына 10 күнге дейін ақылы қысқа мерзімді демалыс беру көзделген.

Мемлекеттік қызметшілердің материалдық әл-ауқатын арттыру мақсатында олардың жалақысын әр үш жыл сайын индекс-теу нормасы енгізілген. Бұл инфляциялық үдерістерді ескере отырып, мемлекеттік қызметтің бәсекеге қабілеттілігін сақтауға және кадрлық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметке қабілетті, білімді әрі талантты жастарды тарту мақсатында мемлекеттік қызметке даярлау институтын енгізу көзделген. Аталған бастама жас мамандарды ерте кезеңнен кәсіби даярлауға, олардың басқарушылық құзыреттерін дамытуға және мемлекеттік аппараттың сапалы кадрлық резервін қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы алғанда, жаңа Заң мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға, кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастыруға, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын күшейтуге және халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Тоқтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

■ АУДИТ

Камералдық бақылау нәтижесі

2026 жылғы 1 қаңтардан 19 маусымға дейінгі кезеңде камералдық бақылау бойынша 15 748 мемлекеттік сатып алу рәсімі қамтылды, жалпы сомасы 290,1 млрд. камералдық бақылау нәтижелері бойынша 1638 хабарламалар жіберілді, оның ішінде:

- бірінші бағыт бойынша – конкурстық құжаттаманың заңдылығы бойынша – 524 хабарлама;
- екінші бағыт бойынша – конкурстық құжаттаманы талқылау тәртібінің заңдылығы бойынша – 34 хабарлама;
- бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы бойынша жүргізілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша – бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды таңдаудың заңдылығы туралы – 699 хабарлама;
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуларға жүргізілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша – 383 хабарламалар жолданды.

1638 хабарламаның 1607 хабарламасы камералық бақылау объектілерімен орындалды.

31 хабарлама бойынша орындау мерзімі өткен жоқ.

«Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-де мемлекеттік сатып алуды жүргізудегі анықталған бұзушылықтар

ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті бірінші бағыт бойынша (конкурстық құжаттаманың заңдылығы үшін) ашық конкурс тәсілімен жарияланған №17122923-1 санды «Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін мектеп» КММ үшін жөндеу жұмыстары» мемлекеттік сатып алуларға камералдық бақылау жүргізілді. Ұйымдастырушы «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі. сомасы 55 334 238 теңге.

Жүргізілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша №18 тәуекел профиліне жататын бұзушылық анықталды, яғни ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алуда дұрыс емес демпингтік көрсеткішті белгілегені анықталды.

Осыған байланысты, 2026 жылдың 5маусымында сатып алудан бас тарту туралы өтінішпен бұзушылықты жою туралы хабарлама жіберілді. Бұзушылықты ұйымдастырушы 2025 жылдың 8 маусымында жойды.

Түпқараған ауданы әкімдігі жанындағы «Коммуналдық қызмет» шаруашылық жүргізу

құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында мемлекеттік сатып алуды жүргізудегі анықталған бұзушылықтар

ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті, Ұйымдастырушысы Түпқараған ауданы әкімдігі жанындағы «Коммуналдық қызмет» ШЖҚ МКК болып табылатын ашық конкурс тәсілімен №16438725-1 «Кран-манипуляторы бар борттық жүк көлігі және АГП (автогидравликалық көтергіш) сатып алу» сомасы 40 000 000 теңге мемлекеттік сатып алуына камералдық бақылау жүргізді. (құжаттаманы орналастыру тәртібінің заңдылығы тұрғысынан)

Жүргізілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша №1, 5 тәуекел бейініне жататын бұзушылықтар анықталды, яғни ұйымдастырушы жеке әлеуетті өнім берушіні анықтайтын сипаттамаларды көрсетіп белгілегені және орындау мерзімін алпыс күнтізбелік күннен кем етіп белгілегені анықталды.

Осыған орай, 2026 жылы 2 наурызда мемлекеттік сатып алуды тоқтату туралы бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілді. Бұзушылықты ұйымдастырушы 2026 жылдың 2 наурызында жойды.

Кендірлі тұщыландыру зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуды жүргізудегі анықталған бұзушылықтар

ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті, Ұйымдастырушысы Кендірлі тұщыландыру зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып табылатын баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен №16654934-1 «Жауын-шашынның түсуіне жол бермеу үшін баяулатқыш сатып алу «сомасы 21 000 000 теңге мемлекеттік сатып алуына камералдық бақылау жүргізді. (құжаттаманы орналастыру тәртібінің заңдылығы тұрғысынан)

Жүргізілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша №13 тәуекел бейініне жататын бұзушылықтар анықталды, яғни ұйымдастырушы жеке әлеуетті өнім берушіні анықтайтын сипаттамаларды көрсетіп белгілегені анықталды.

Осыған орай, 2026 жылы 30 наурызда мемлекеттік сатып алуды тоқтату туралы бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберілді. Бұзушылықты ұйымдастырушы 2026 жылдың 31 наурызында жойды.

Онлайн бюджет мониторингі

Мемлекеттік басқаруды цифрландыру жағдайында бюджет қаражатының пайдаланылуын уақтылы бақылау ерекше маңызға ие. Осы бағыттағы маңызды шешімдердің бірі – ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті белсенді түрде енгізуді жалғастырып жатқан «Онлайн бюджет мониторингі» модулі.

Онлайн бюджет мониторингі мемлекеттік ұйымдардың қаржылық операцияларын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік беретін жүйе болып табылады. Бұл жүйе бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізеді, ашықтықты қамтамасыз етеді және қаржылық тәуекелдерді айтарлықтай төмендетеді. Жүйе білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларын қамтиды.

Аталған жүйе жалақы төлемдері мен бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

2026 жылдың жарты жылдық қортындысы бойынша департаментке 11 632 тәуекелді төлем бойынша ақпарат келіп түсті. 2025 жылдың жарты жылдық қортындысы бойынша 14 906 тәуекелді төлемдер келіп түскен. 2025 жылмен салыстырмалы түрде көрсеткенде тәуекелді төлемдердің келіп түсуі 22 % азайған.

Департамент тарапынан 2026 жылдың жарты жылдық қортындысы бойынша 9 388 тәуекелді төлем бойынша анықталған бұзушылықтар жедел түрде тіркеліп, уәкілетті органдарға дереу хабарламалар жіберіледі.

Нақты уақыт режимінде жалақы бойынша тәуекелді төлемдердің 80,71%-ы онлайн бюджеттік мониторингпен қамтылып және олар бойынша жедел ден қою шаралары қабылданып, қамтамасыз етілді.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ.

Танымдық кездесу

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН ЖӘНЕ «ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТҚАН «ЖАСТАР EQ 3.0 & MENTAL HEALTH» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚАЛАМЫЗДА ТАНЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТТІ.



Мадина ӨТЕЖАНОВА.

Аталған жобаның басты мақсаты – жастардың эмоционалдық интеллектісін дамыту, психологиялық саулықты нығайту және отбасы институтындағы өзара қарым-қатынасты жақсарту.

Болашақ сарайында өткен кездесу бала тәрбиесіне бағытталды. «Эмоционалды сау ұрпақты қалай қалыптастырамыз» атты тақырыпта өткен іс-шараның басты қонағы белгілі психолог, бала тәрбиесі мен психология саласының маманы Мөлдір Тоқжан болды.

Кездесу барысында спикер, педагогика және психология ғылымдарының магистрі, бала психологы, игротерапевт, психолог-тренер және бірнеше ғылыми еңбектердің авторы Мөлдір Тоқжан бала тәрбиесі жөнінде бірқатар тың ақпараттар берді. Айта кетсек, түзетуден гөрі қабылдау маңызды; баланың әлсіз тұсын емес, үздік тұсын байқау; ойдан гөрі сезім маңыздырақ; өткеннен гөрі осы сәт маңыздырақ тақырыптарына жеке-жеке тоқталып, кеңінен түсіндірді.

– Менің әлеуметтік желідегі аудиториямда жанаөзендік аналар көп. Олар өте белсенді. Кездесуге біраз адам келіп, жүзбе-жүз көріп, танысып жатырмын. Іс-шара жоғары деңгейде өтті деп сенемін. Себебі аналардың бөліскен сезімдері өте әсерлі. Білімге деген құштарлығы мен бала тәрбиесі бағытында дамуға деген ұмтылысы мені қуантады. Балаға қолдау көрсету, қателіктерін үлкейтпей, әңгімелесу арқылы жеткізу секілді тақарыптар туралы айттым. Қазір

гаджеттен мыңдаған нәрсені көріп жүрген балалар өте эмоционалды, тынымсыз болып келеді. Бұрынғы ұрпақ пен қазіргі балаларды салыстыруға келмейді. Себебі бала үшін телефонда бір әлем бар. Сондықтан балаларды назарсыз қалдырмай, уақытында дұрыс бағыт-бағдар беруіміз керек. Егер назарсыз қалатын болса, телефондағы әлем жұлып алып кетеді. Балаға дос та, ана да, ұстаз да бола білу өте маңызды, – дейді спикер Мөлдір Тоқжан.

Психологпен кездесу еркін түрде өтті. Іс-шара барысында жаңа ақпарат алу мақсатында келген аналар психолог маманға сұрақтарын қойып, тұщымда жауап алды. Тың ақпараттарға қаныққан аналар алғыстарын айтып, мұндай кездесулердің ата-аналар үшін маңыздылығын жеткізді. Жиын соңында гүл шоқтарын беріп, ыстық ықыластарын білдірді.

– Мен психолог Мөлдір Тоқжанды бұрыннан қараймын. Арнайы Алматы қаласындағы семинарына да барған болатынмын. Жаңаөзен қаласында өтеді дегенді естіп, қуанып келген жайым бар. Керемет мәліметтер алдым. Тақырып кеңінен ашылды. Қойылған сұрақтарға берілген жауаптардан да өзіме керегін түртіп отырдым. Осындай пайдалы кездесулер бала тәрбиелеп отырған ата-ана үшін өте маңызды. Білікті маманды әкеліп, арнайы ата-аналарға арналған семинар өткізген Маңғыстау облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасына және «Қолдау орталығы» ЖШС-ға алғысымды білдіремін, – дейді көпбалалы ана Әсем Ахаева.

Жаңаөзен қаласы Полиция басқармасының басшылығымен 2026 жылдың екінші жартыжылдығына арналған азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Қабылдау жүргізушінің аты-жөні	Лауазымы, шені	Қабылдау күні, уақыты	Мекен жайы
Әлібеков Жеңіс Таңбайұлы	ПБ-ның бастығы	Жұмыс күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма сағат 15.00-18.30 дейін	Жаңаөзен қаласы, Губкина-20, ПБ ғимараты Тел: 22501
Ықылас Болатбек Ықыласұлы	ПБ-ның бастығының бірінші орынбасары	Жұмыс күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма сағат 15.00-18.30 дейін	Жаңаөзен қаласы, Губкина-20, ПБ ғимараты Тел: 22502
Түйешиев Сержан Ғаділбекұлы	ПБ-ның бастығының орынбасары	Жұмыс күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма сағат 15.00-18.30 дейін	Жаңаөзен қаласы, Губкина-20, ПБ ғимараты Тел: 22503
Шуренов Нұржан Ибраимұлы	ПБ-ның бастығының орынбасары	Жұмыс күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма сағат 15.00-18.30 дейін	Жаңаөзен қаласы, Губкина-20, ПБ ғимараты Тел: 22504
Смағұлов Ерсұлтан Қайратұлы	ПБ-ның бастығының орынбасары	Жұмыс күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма сағат 15.00-18.30 дейін	Жаңаөзен қаласы, Губкина-20, ПБ ғимараты Тел: 22505

Ескертпе: Депутаттар, Ұлы отан соғысының ардагерлері және оларға теңестірілген тұлғалар, мүгедектер, жүкті әйелдер, сондай-ақ жоғары Үкімет наградаларымен марапатталған азаматтар, шетел және басқа елді-мекендерден келген азаматтар кезексіз қабылданады.

Қабылдауға алдын ала жазылу: 8(72934)22642, 22507 байланыс телефондары арқылы жүргізіледі.

Жауапты: Киличева Айжамал Хужахметовна, ПБ Құжаттамалық қамтамасыз ету тобының бас маманы.

Полиция басқармасының бөлім бастықтары азаматтарды күн сайын сағат 15:00-ден 18:30-ге дейін қабылдайды.

«Құтты шаңырақ» облыстық байқауының қалалық кезеңіне қатысуға шақырамыз!

Отбасы – ұлттың тірегі, берекенің бастауы!

«Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» республикалық жобасы аясында Жаңаөзен қаласында «Құтты шаңырақ» облыстық байқауының қалалық кезеңі өтеді.

Байқауға «Алтын шаңырақ» номинациясы бойынша 50 жылдан астам уақыт бірге өмір сүріп келе жатқан, «Күміс кереге» номинациясы бойынша 25-40 жыл уақыт бірге өмір сүріп келетін өнегелі отбасылар қатыса алады.

Өтінім қабылдау мерзімі: 1 шілдеден – 10 тамыз аралығы.

Қалалық кезеңнің жеңімпазы атанған екі

отбасы облыстық кезеңде Жаңаөзен қаласының намысын қорғайды.

Байқаудың мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын насихаттау және өнегелі отбасылардың тәжірибесін көпшілікке үлгі ету.

Қосымша ақпарат:

«Жаңаөзен қалалық ішкі саясат бөлімі» ММ 8 (72934) 48-295.

Берекелі отбасыңызбен бірге қатысып, көпке үлгі болыңыз!

«Жаңаөзен қалалық ішкі саясат бөлімі» ММ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«TENGE Oil Gaz» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабы талаптарына сәйкес, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Тенге ауылы, Ақтан Керейұлы көшесі, 41А мекенжайында орналасқан «Атамұра» мәдениет үйі ғимаратында 2026 жылғы 6 тамызда сағат 15:00-де «№3, 7, 10, 12, 34, 35, 101, 110, 111, 113, 114, 115, 119, 123 бакылау ұңғымаларын Тенге кен орнында өнімді горизонттардағы қабат қысымын ұстау жүйесі (ППД) үшін альб-сеноман суқаныққан гидрогеологиялық кешенінің техникалық жерасты суларын игеру мақсатында су алу (водозаборлық) қорына ауыстыру жобасына»Қоршаған ортаны қорғау бөлімі және табиғатты қорғау іс-шарасының жоспары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Zoom Конференциясына сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/86978907691?pwd=NnUTcmRbmT7NIQJTstdVbtbfA2MnIV.1>

Конференция идентификаторы: 869 7890 7691, кіру коды: 869988.

Жергілікті атқарушы орган:Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы», жауапты тұлға Базарбай Сабина Саламатқызы, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8(7292) 46-21-31/12-10.

Жобалық құжаттама топтамасымен ақпараттық жүйе: <https://ndbecology.gov.kz/> және<https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystaueco/activities/31827?parentId=31823&lang=ru> сайтында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей келесі электрондық мекенжай бойынша қабылданады s.bazarbay@mangystau.gov.kz, және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «TENGE Oil Gaz» ЖШС-і, Жаңаөзен қаласы,Өнеркәсіптік аймақ 5, №10 ғимарат,БСН: 150940022022,эл.пошта: tanatarova_82@mail.ru, Танатарова А. тел.87022867782.

Жобаны жасақтаушы:КазНИГРИ ЖШС-і, Атырау қ., Әйтеке-би, 43А, БСН: 991240001478, эл.: info@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090.

Қосымша ақпаратты төмендегі электронды мекенжай бойынша алуға болады: zh.kaleмова@kaznigri.kz, тел. 8(7122)763090 (217).

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «TENGE Oil Gaz»в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания которое состоит вМангистауской области,г.Жанаозен, с.Тенге, ул. Ақтан Кереевича 41А, в здании Дома культуры «Атамұра»,6 августа 2026года в 15:00 часов, по проекту РООС к «Проекту перевода наблюдательных скважин №№3, 7, 10, 12, 34, 35, 101, 110. 111, 113, 114, 115, 119, 123 в фонд водозаборных для использования технических подземных вод альб-сеноманского комплекса для нужд ППД в продуктивных горизонтах на месторождения Тенге» и ППМ.

Ссылка для онлайн подключения видеоконференцсвязи на платформе ZOOM:

<https://us06web.zoom.us/j/86978907691?pwd=NnUTcmRbmT7NIQJTstdVbtbfA2MnIV.1>

Идентификатор конференции: 869 7890 7691, код доступа: 869988.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области»,ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8(7292) 46-21-31/12-10.

С проектной документацией можно ознакомиться в информационной системе: <https://ndbecology.gov.kz/>и на сайте:<https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=kk>.

Замечания и предложения принимаются не позднее чем за 3 рабочих дня до начала слушаний по следующим электронным адресам: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, а также на сайте:<https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «TENGE Oil Gaz», г. Жанаозен, Промышленная зона 5, здание 10, БИН: 150940022022, эл.почта: tanatarova_82@mail.ru, Танатарова А. тел.87022867782.

Проектная организация:ТОО «КазНИГРИ», БИН:991240001478, эл.: info@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: zh.kaleмова@kaznigri.kz, тел.: 8 (7122) 76-30-90 (вн. 217).

МҰРАГЕРЛЕРІНЕ ІЗДЕУ САЛАМЫЗ

Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы А.Д.Адилова лицензия №0001259 29.05.2008 жылы берілген, **21.06.2026 жылы қайтыс болған азамат ИБАГАРОВ НАЗАРХАН ОНГАРБАЕВИЧТЫҢ (21.02.1959 жылы туылған)** мұрагерлеріне іздеу салуда. Мұрагерлерге Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Самал ш/а, 11/26 үй, 14 кеңсеге хабарласуын сұрайды. Тел: 87015888676, 8 702 544 58 00.

МҰРАГЕРЛЕРІНЕ ІЗДЕУ САЛАМЫЗ

Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы А.Д.Адилова лицензия №0001259 29.05.2008 жылы берілген, **24.04.2026 жылы қайтыс болған азаматша БЕКДЕГЕНОВА НҮРСҰЛУ ӘБІШҚЫЗЫНЫҢ (23.11.1965 жылы туылған)** мұрагерлеріне іздеу салуда. Мұрагерлерге Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Самал ш/а, 11/26 үй, 14 кеңсеге хабарласуын сұрайды. Тел: 87015888676, 8 702 544 58 00.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ДАРХАННЫҢ толағай жетістігі

23-25 МАУСЫМ АРАЛЫҒЫНДА ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «МАҒЖАН ОҚУЛАРЫ» ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ «БӨРІНЕН ДЕ СЕН СҰЛУ» НОМИНАЦИЯСЫНДА №22 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ 8 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ДАРХАН ТОҚБЕРГЕН ІІІ ОРЫНДЫ ЖЕҢІП АЛДЫ.



Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұрасын дәріптеу, оқушылардың классикалық әдебиетке қызығушылығын арттыру, шығармашылық ізденісін қолдау және ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында өткен байқауда еліміздің әр өңірінен 70-ке жуық оқушы бақ сынады.

Дархан Токберген кішкентайынан талантты бала. Әнді де айтады, домбырада да ойнайды. Әртүрлі конкурстарға қатысып жүлделі орындаға ие болып жүрген дарынды оқушы. 2026 жылы өткен «Жарқын болашақ» олимпиадасының ән байқауының ІІ орын иегері. Дарханның бұл жетістігі де – табандылықтың, білімге деген құштарлықтың және шығармашылық еңбектің жемісі. Облысымыздың

мерейін асырып, өңір намысын абыроймен қорғаған шәкірттің алдағы уақытта да биік белестерді бағындырары сөзсіз.

Шәкірт десе ішкен асын жерге қояты, Дарханға қолдау көрсетіп, әрдайым сенім артатын, білім мен өнерге баулыған ұстазы Әлия Ізтұрғанова:

– Дархан өте өнерлі, талантты бала. Сондай-ақ өте еңбеккор. Үйренуден, алға ұмтылудан жалыққан емес. Өзісіне деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігінің нәтижесінде биік белестерді бағындырып келеді. Міне республикалық байқауда да жүлделі орынды жеңіп келді. Алар асуларын көп болсын, Дархан. Мен сенімен мақтанамын, – деп жүрек жарды тілегін жеткізді.

Зере БАЙТАС.

JAS TOLQYN – 2026

A-MUZ таланттарының ЖАҢА БЕЛЕСІ

АТЫРАУ
ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
«JAS TOLQYN - 2026» ЖАС ТАЛАНТТАР БАЙҚАУЫ БИЫЛ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН Өңірлерінің дарынды өнерпаздарын бір
сахнаға тоғыстырды. Байқаудың онлайн кезеңіне мыңнан
АСТАМ ҚАТЫСУШЫ ӨТІНІМ БЕРСЕ, ОЛАРДЫҢ АРАСЫНАН ІРІКТЕЛГЕН 300
ӨНЕРПАЗ ҒАНА ОФЛАЙН КЕЗЕҢГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ. БҮЛ — ЖАС ТА-
ЛАНТТАР ҮШІН ҮЛКЕН СЕНІМ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ
БЕЛГІСІ.



Аталған байқауда A-MUZ вокал студиясының шәкірттері жоғары нәтижеге қол жеткізіп, өздерінің кәсіби дайындығы мен шығармашылық әлеуетін тағы бір мәрте дәлелдеді. Орта жас санатындағы вокал бағыты бойынша сынға түскен 24 үздік қатысушының қатарынан Айнұр Еркебай ІІ орынға, ал Жанель Куатбек ІІІ орынға ие болды.

Байқауға төрелік еткен қазылар алқасының құрамында Қазақ ұлттық өнер университеті мен «Шабыт» университетінің профессорлары, тәжірибелі мәдениет қайраткерлері және эстрада өнерінің мамандары болды. Осындай білікті сарапшылар алдында өнер көрсету жас әншілер үшін үлкен тәжірибе мектебіне айналып, олардың кәсіби

шеберлігін шындай түсті.

Байқау аясында қатысушылар мен ұстаздарға арналған шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Онда кәсіби педагогтер вокал техникасы, сахна мәдениеті, дауыс мүмкіндігін тиімді пайдалану және көрерменмен байланыс орнату бағытында тәжірибелерімен бөлісті. Шеберлік сағаттары жас өнерпаздардың шығармашылық көкжиегін кеңейтіп, өз өнеріне жана қырынан қарауға мүмкіндік берді. Шара соңында барлық қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Бұл жетістік – A-MUZ вокал студиясының жетекшісі, ұстаз Әйгерім Шабайқызының қажырлы еңбегі мен кәсіби шеберлігінің жемісі. Ол әр шәкірттің табиғи дауысын дамытып қана қоймай, олардың сахна мәдениетін қалыптастырып, өзіне деген сенімділігін арттыруға ерекше көңіл бөледі. Оқушыларының бүгінгі табысы – ұстаз еңбегінің айқын нәтижесі.

«Jas tolqyn 2026» байқауы A-MUZ ұжымы үшін кезекті жеңіс қана емес, тәжірибе алмасуға, жаңа шығармашылық байланыстар орнатуға және үлкен сахнада өз мүмкіндіктерін сынауға жол ашқан маңызды алаң болды.

Студия ұжымы байқауды жоғары деңгейде ұйымдастырған ұйымдастырушыларға, әділ бағасын берген қазылар алқасына, сондай-ақ шәкірттерге әрдайым қолдау білдіріп жүрген ата-аналарға алғысын білдіреді. Алда A-MUZ вокал студиясын жаңа белестер мен жарқын жеңістер күтіп тұрғанына сенім мол.

Жанайым ЖАРЫЛҚАП.

ҚОЙЫЛЫМ

«Қызыл орамалды Шынарым»

«АТАМҰРА» МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ САХНАСЫНДА ҚЫРҒЫЗ ХАЛҚЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫСЫ ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВТЫҢ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАУҢАРЫНА АЙНАЛҒАН «ҚЫЗЫЛ ОРАМАЛДЫ ШЫНАРЫМ» ШЫҒАРМАСЫ АЛҒАШ РЕТ САХНАЛАНЫП, КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ. ПРЕМЬЕРАНЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН «АҚТЕР» ХАЛЫҚТЫҚ ТЕАТРЫ ҰСЫНЫП, ҚОЙЫЛЫМ ӨНЕРСҮЙЕР ҚАУЫМНЫҢ ЫСТЫҚ БІҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНДІ.



Спектакльге жергілікті өнерпаздармен қатар елімізге танымал театр актерлері де қатысып, көрерменге әсерлі актерлік ойын мен жоғары деңгейдегі сахналық туынды сыйлады. Қойылымның режиссері Қозықорпеш Омаров шығарманың философиялық

әрі психологиялық тереңдігін сақтай отырып, оның негізгі идеясын сахна тілімен шебер жеткізе білді.

Басты кейіпкер Байтемірдің бейнесін Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Ұлан Нүсіпәлі сомдады. Тәжірибелі актердің шынайы ойыны көрерменді



кейіпкер тағдырына ортақтастырып, қойылымның эмоциялық әсерін күшейте түсті.

«Қызыл орамалды Шынарым» – махаббат пен адалдық, ар мен жауапкершілік, таңдау мен тағдыр жайлы сыр шертетін өміршең шығарма. Кездейсоқ таныстықтан басталған Илияс пен Әселдің мөлдір махаббаты өмірдің түрлі сынағына тап болады. Адамның бір ғана қателігі кейде тұтас тағдырды өзгертіп жіберетінін шығарма терең философиялық астармен баяндайды.

Қойылым барысында сүйіспеншілік пен сатқындық, мейірім мен қызғаныш, жауапкершілік пен

кешірім секілді адам өміріндегі мәңгілік құндылықтар кенінен көрініс тапты. Кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі, арпалысы мен өкініші көрерменді бей-жай қалдырмай, әр адамды өз өміріне ой жүгіртуге жетелейді.

Әсіресе нәзік сезім мен жүрек қылын шерте мұңға құрылған лирикалық драманың көркемдік шешімі, актерлердің табиғи ойыны және сахналық безендірілуі шығарманың мазмұнын тереңдете түсті. Бұл қойылым тек махаббат хикаясы ғана емес, адамдық қасиеттерді, адалдықтың қадірін және жүрек таңдауының жауапкершілігін

дәріптейтін тағылымды туынды ретінде көрерменнің көңілінен шықты.

«Актер» халықтық театры ұсынған бұл премьера ұлттық театр өнерінің дамуына қосылған сүбелі үлес болып, классикалық әдебиеттің құндылығы мен өміршендігін тағы бір мәрте дәлелдеді. «Қызыл орамалды Шынарым» көрерменге ұмытылмас әсер сыйлап, шынайы махаббаттың уақыт пен тағдырға бағынбайтын мәңгілік құндылық екенін тағы бір еске салды.

Айлин АСҚАР.

Меншік иесі:

MAŃGYSTAY MEDIA ЖШС

Директор:
Ануарбек
БИМАҒАМБЕТ.

Қабылдау бөлімі тел/факс:
20-48-34.
office@mangystay.kz

ЖАҢАӨЗЕН

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 6 ақпан 2013 жылы тіркеліп, №13359-Г кyuелігі берілген.

Редактор: Гүлназ БӨЛЕКБАЕВА.
Кезекші редактор: Гүлсім ЕРБӨЛЕКОВА.

Аға дизайнер: Гүлсім ЕРБӨЛЕКОВА.
Тілшілер: Жансая КЕЛДІБАЙҚЫЗЫ.
Мадина ӨТЕЖАНОВА.
Дизайнер: Шолпан БАТЫРХАНОВА.

А

 - жариялау ақысы төленген.

Таралымы: 2080 дана.

Газет редакцияда теріліп, беттелді.
«Хабар Сервис»
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы,
А.Смағұлов көшесі, 9/2.
тел: +7 (7132) 400 400.
+7 (7132) 545 545.

Газет аптасына 1 рет
жұма күні шығады.

• Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
• Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
• Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
• Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.